

2

Жергілікті өнімге басымдық берілуі керек



Фото: А. Иман, Астана

4

Өнер көгіндегі жастар театры



ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз
августа



ГОЛОСУЙ
ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!

www.election.gov.kz



Сыр бойы

№119 (21194) 13 тамыз, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ



ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ҰМЫТ ҚАЛМАЙДЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бір топ қоғам қайраткерін мемлекеттік наградалармен марапаттады. Президент Ақорда төрінде өмір жолы өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болатын, ұлт мүддесі үшін қажырлы қызмет етіп, халықтың ықыласына бөленіп келе жатқан бір топ азаматқа құрмет көрсетті.

Атап айтқанда, көрнекті суретші, танымал өнер қайраткері Бәтима Зәуірбековаға «Отан» ордені, көрнекті әдебиеттанушы ғалым Тұрсын Жұртбайға I дәрежелі «Барыс» ордені, мемлекет қайраткері Александр Судинге II дәрежелі «Барыс» ордені табысталды. Белгілі актер, көрнекті театр режиссері Нұрқанат Жақыпбайға «Қазақстанның халық әртісі» атағы, ауыл шаруашылығы саласының ардагері Виктор Хильниченкоға «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев марапат иелерін құттықтап, әрқайсысының ел үшін сіңірген еңбегіне жеке-жеке тоқталды.

Президент ұлттық мәдениетімізді дамыту жолында көп еңбек етіп, бейнелеу өнерінде қайталанбас қолтаңбасымен ерекшеленген Бәтима Зәуірбекова отандық гобелен өнері мектебінің негізін қалап, қазақ әйелдері арасынан шыққан осы саладағы тұңғыш кәсіби маман атанғанына назар аударды.

– Шығармашылығыңыз жоғары деңгейде мойындалып, Мемлекеттік сыйлықтың иегері болдыңыз. Халқымыздың тарихын, бітім-болмысын, ою-өрнегі мен салт-дәстүрін дәріптеуге басамәнбердіңіз. Сіздің туындыларыңыз Алматы және басқа да қалалардың әйгілі ғимараттарына көрік беріп тұр. Туындыларыңыз өз елімізбен қатар шет мемлекеттерде сақталуда. Сіздің еңбектеріңізді әлемге белгілі мамандар өте жоғары бағалайды. Ұлттық өнер жолында салған дара жолыңыз жас буын азаматтары үшін тамаша үлгі-өнеге деп санаймын, – деді Мемлекет басшысы.

2-бет

/// ҚЫЗЫЛОРДАДА ЖАСАЛҒАН

ІЗДЕНІСТЕН ІРГЕЛІ ІСКЕ

Кейде жаңа өмірдің бастауы күтпеген тұстан ашылады. Бірі ұзақ жыл еңбек еткен саласында қалса, енді бірі жинаған тәжірибесін жаңа бағытта сынап көруге бел буады. Қызылордалық Мақсат Таев үшін зейнетке шығу тынығудың емес, жаңа кәсіп бастауға жасалған алғашқы қадам болды. Өскери салада жылдар бойы қызмет еткен ол бүгінде жиырмадан астам адамды жұмыспен қамтып отырған жиһаз өндірісінің иесі.



2020 жылы Қарулы күштер қатарындағы қызметін аяқтағаннан кейін Мақсат Таев жеке кәсіп ашуды ойластырды. Нарықты зерттеп, өнімде қандай өнімге сұраныс барын саралаған ол ағаштан бұйым жасау бағытын таңдайды. Осы мақсатта өңірлік «Атамекен» кәсіпкерлер палатасында «Бастау-Бизнес» бағдарламасы бойынша білім алып, бизнес-жоспарын әзірлеп, сәтті қорғайды. Соның нәтижесінде 530 мың теңге көлемінде қайтарымсыз грантқа ие болады.

– Өскери қызметтен кейін бос отырмай, өзіме де, өзгеге де пайдасы тиетін кәсіппен айналысқым келді. Барлығын жан-жақты ойластырып, жергілікті нарықты зерттеген соң жиһаз өндірісін таңдадым. Алғашында грант қаражатына лазерлік станок сатып алуды жоспарлаған едім. Кейін мүмкіндіктерін салыстырып, сандық бағдарламамен басқарылатын станок алған тиімді екенін түсіндім. Осылайша жиһаз өндірісіне келдім, – дейді кәсіпкер.

2-бет

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЖИ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САПАСЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысының күн тәртібінде жасанды интеллект негізінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің оқоужытына қатысты мәселе талқыланды. Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысып, Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте Мемлекет басшысы жариялаған Цифрландыру және жасанды интеллект жылына орай бекітілген өңірлік іс-шара жоспарына тоқталды.

– Облыстағы мемлекеттік органдар мен оларға бағынысты мекемелер 196 негізгі мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді. Сонымен қатар, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының облыстық филиалына қарасты 13 бөлім және 1 байланыс орталығы жұмыс істейді. Мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алу үшін жергілікті атқарушы органдарда, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарында «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары» ұйымдастырылған. Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін тұрақты бақылауда ұстау қажет, – деді облыс әкімі.

Жиында тұрғындардан келіп түскен өтініштердің мерзімінде орындалуы, еңбек ұжымдарындағы жұмысшылар құқығының қорғалуы бойынша жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктелді.

Бүгінде барлық ауданда әлеуметтік осал топтарға арналған тұрғын үйлер құрылысы басталды. Мұрат Нәлқожаұлы аудан әкімдеріне құрылысты уақытты аяқтауды тапсырып, талапқа сәйкес келмейтін тұрғын үйлер қабылданбайтынын қатаң ескертті.

«СБ» ақпарат

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Оңтүстік Кореямен достық қарым-қатынас, стратегиялық серіктестік өңіраралық байланыстарды дамытуға оң әсерін тигізді. Әсіресе, инвестиция тарту, жаңа өндіріс орындарын ашу, озық технологияларды қолданысқа енгізу бағытында нәтижелі жұмыс бар.

Кеше облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен өткен жиында ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері қаралды.

Өткен жылы Қызылорда облысы мен Корея Республикасы арасындағы өзара тауар айналымының көлемі 1,2 млн АҚШ долларына жетіп, көрсеткіш артқан.

Мемлекет басшысы елімізде шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу туралы тапсырма берген болатын. Осыған сәйкес, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің базасында Оңтүстік Кореяның SeoulTech университетінің Жасанды интеллект мектебі ашылды. Еліміздегі алғашқы жасанды интеллект мектебінде 225 студент білім алуда. Алдағы оқу жылында тағы 128 студент қабылданады. Сонымен қатар, шикізат өндірісін ұлғайту мақсатында корейлік компаниялармен келіссөздер жүргізілуде. Атап айтқанда, витражды терезе өндірісін жолға қою және сауда-логистикалық орталық құру туралы бірқатар ұсыныс қарастырылып жатыр. Аталған жобаларды инвестициялық әлеуеті жоғары Қорқыт ата арнайы экономикалық аймағында орналастыру көзделген.

«СБ» ақпарат

БАҚЫЛАУ КҮШЕЙДІ, ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫ АЗАЙДЫ



Қызылорда облысының Полиция департаменті жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жол-көлік оқиғаларының алдын алу және тұрғындардың, әсіресе

жаяу жүргіншілер мен балалардың қауіпсіздігін күшейту бағытында бірқатар шараларды жүзеге асыруда.



Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

2-бет

ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ҰМЫТ ҚАЛМАЙДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев саналы ғұмырын ұлт руханиятын дамытуға арнап келе жатқан көрнекті ғалым, қарымды қаламгер Тұрсын Жұртбай төл тарихымыздың ақтандқ тұстарын зерттеп, халықтың сана-сезімін жанғыртуға елеулі үлес қосқанын атап өтті.

– Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын терең зерттеп, жан-жақты дәріптеуге зор еңбек сіңірдіңіз. Абай – ұлттың рухани темірқазығы, өскелең ұрпақтың айнымас бағдары. Шын мәнінде, ұлы ойшылды тану – қазақты тану деген сөз. Сіз Мұхтар Әуезовтің және ұлт қайраткерлерінің мол мұрасы мен өнегелі өмірі туралы құнды ғылыми еңбектер жаздыңыз. Шоқтығы биік көркем шығармаларыңыз арқылы төл әдебиетіміздің құндылығын арттыра түстіңіз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекетіміздің дамуына Тәуелсіздіктің елең-аланынан бастап белсене атсалысып келе жатқан Александр Судьинге алғыс айтты.

– Мемлекеттік қызметте жұмыс істеген жылдары зор құрметке ие болдыңыз. Парламент Сенатының депутаты ретінде халық мүддесін қорғадыңыз. Вице-спикер және Сенат аппаратының басшысы ретінде қазақстандық парламентаризмнің дамуына қосқан үлесіңізді айрықша атап өткім келеді. Сіздің кәсіби еңбегіңіз жоғары бағаланып, Отанға адал қызмет



етудің үлгісіне айналды, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Президент театр және кино саласында жарты ғасырдан астам уақыт жұмыс істеп келе жатқан белгілі режиссер Нұрканат Жақыпбайдың төл мәдениетімізді өркендету жолындағы еңбегі зор екенін жеткізді.

– Көрерменнің көзайымы болған мазмұнды қойылымдарды сахналап, театр

әлемінің нағыз майталманы ретінде танылдыңыз. Көптеген пьесалар мен фильмдерде түрлі рөлдерді шебер сомдап, халықтың ыстық ықыласына бөлендіңіз. Бүгінде жас таланттарды өнерге баулып, оларға бағыт-бағдар беріп келесіз. Руханият саласын дамытуға сіңірген еңбегіңіз үшін өзіңізге шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы кәсіби

жолын агрономдықтан бастап «Хильниченко және К» серіктестігінің басшысына дейін көтерілген Виктор Хильниченконың агроөнеркәсіп саласын дамытуға қосқан үлесіне тоқталып, Алматы облыстық мәслихатының депутаты ретінде жемісті қоғамдық қызмет атқарғанын да атап өтті.

– Ең бастысы, қол жеткізген жетістіктеріңізге тоқмейілсімей, алдыңызға жана әрі биік мақсаттар қойып келесіз. Аймақтың агроөнеркәсіп әлеуетін көтеруге қосқан зор үлесіңіз қандай бағаға болса да лайық, – деді Президент.

Мемлекет басшысы сөзін түйіндей келе, қазір Қазақстан жан-жақты жаңғыру жолына түсіп, елімізде түбегейлі өзгерістер жасалып жатқанына назар аударды.

– Ұлт тағдырын айқындайтын тарихи шешімдер қабылданды. Біз біртұтас қоғам болып жалпыұлттық референдум өткіздік, жаңа Конституциямызды қабылдадық. Азаматтарымыз жана Ата Заңды бірауыздан қолдап, дауыс берді. Қазақта «Береке бастауы – бірлік» деген жақсы сөз бар. Біз ырысты ынтымағымызды сақтай білсек, еліміз де өсіп-өркендей береді. Көп ұзамай Қазақстан тарихында алғаш рет Құрылтай сайлауы өтеді. Бұл ел өміріндегі маңызды оқиға болмақ. Қазір науқан белсенді өтіп жатыр. Партиялар саяси мәдениеттің озық үлгісін көрсетуде. Алдымызда өте жауапты кезең тұр. Ұлт болып ұйысып, бір ел болып жмыла еңбек етеміз деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

БАҚЫЛАУ КҮШЕЙДІ, ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫ АЗАЙДЫ

– Жыл басынан бері жол қозғалысы ережелерін сақтау бойынша 10 рейдтік іс-шара ұйымдастырылған. Олардың қатарында «Қауіпсіз жол», «Жалған нөмірлер», «Тасымалдаушы», «Автобус» секілді профилактикалық шаралар бар. Бұл жұмыстар барысында жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерге жол қауіпсіздігі талаптарын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Қазіргі таңда Ішкі істер министрлігінің нұсқауына сәйкес, 10-12 тамыз аралығында «Қауіпсіз жол» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізіліп жатыр, – деді облыстық Полиция департаменті Әкімшілік полиция басқармасы бастығының міндетін атқарушы Нұркен Бақтияров.

Жол қозғалысын бақылауда заманауи технологиялардың маңызы артып келеді. Облыста автокөлік жолдарында құқықбұзушылықтарды автоматты түрде анықтайтын 218 құрылғы штаттық режимде жұмыс істеп тұр. Осы құрылғылардың көмегімен есепті кезеңде 90500-ге жуық құқық-бұзушылық анықталған. Ал жаяу жүргіншілер қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қауіпсіздік белдігін тапқау және көлік жүргізу кезінде ұялы телефон пайдалану фактілерінің алдын алу мақсатында Қызылорда қаласының негізгі көшелері мен киылыстарына 25 «Sun-qar» автоматтандырылған құрылғысы орнатылып, іске қосылды.

Сонымен қатар Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі 566 шақырым аралықта орналасқан «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ «Ақылы автомобиль жолдары дирекциясы» филиалына тиесілі 6 стационарлық бақылау аркасында орташа жылдамдықты өлшейтін құрылғылар іске қосылған. Бұл жүйе жолдағы жылдамдық режимін сақтауға бақылауды күшейтіп, қауіпті учаскелердегі жол-көлік оқиғаларының алдын алуға мүмкіндік береді.

Автожолдарда өрескел құқықбұзушылықтарды дер кезінде анықтау үшін ұшқышсыз ұшу аппараттары да пайдаланылуда. Атап айтқанда, қарсы бағытта шығу, маневр жасау ережелерін бұзу және басқа да құқық-бұзушылықтарды анықтауда Полиция департаментінің төңірегіндегі 4 ұшқышсыз ұшу аппараты, сондай-ақ «Қазақтелеком» мекемесінің қолдауымен берілген 2 дрон қолданысқа енгізілген.

– Жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жол инфрақұрылымының жағдайы ерекше маңызға ие. Осы бағытта облыс және қала әкімдігіне жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіру бойынша ұсыныстар жолданған. Атап айтқанда, жол белгілері мен жол танбаларын жанарту және орнату, бағдаршамдарды ретке келтіру, жаяу жүргіншілер өткелдерін жарықтандыру, жасанды жол кедергілерін орнату жұмыстары жүргізілуде, – дейді Нұркен Бақтияров.

Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында үй жануарларының салдарынан болатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу да күн тәртібінен түскен жоқ. Осы мақсатта жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, бақташылар санын және үй жануарларын уақытша қамауға арналған орындарды көбейту мәселелері қарастырылуда. Сонымен қатар мал иелерімен кездесу өткізіліп, үй жануарларына жарық белгісін беретін алқақтар тағу қажеттігі түсіндірілуде.

Бұдан бөлек, республикалық маңызы бар автомобиль жолдарындағы бақылауды күшейту мақсатында жолға жақын орналасқан 32 елді мекеннің учаскелік полиция инспекторлары қызметтік автокөліктерімен күн сайын қосымша кезекшілікке тартылған.

Полиция қызметі орын алған қылмыстар мен жол-көлік оқиғаларына тұрақты түрде талдау жүргізіп отырады. Жол-көлік оқиғалары жиі тіркелетін аумақтарда «Біріккен шоғырландыру» жоспарына сәйкес әрекет жасалады.

«СБ» ақпарат

1-бет

«СБ» ақпарат

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЖЕРГІЛІКТІ ӨНІМГЕ БАСЫМДЫҚ БЕРІЛУІ КЕРЕК



Ауыл шаруашылығы, жергілікті кәсіпкерлерді қолдау мәселелері талқыланған мәжіліске өңірдегі шаруа қожалықтарының басшылары мен кәсіпкерлер қатысты. Облыс әкімі Мурат Ерғешбаев кәсіпкерлікті ілгерілету шараларын тиімді ұйымдастыруда, нақты нәтижеге жетуде ескерілетін жайттарды атап өтті.

– Аймақ экономикасы ұзақ жыл бойы мұнайға тәуелді болып келді. Шикізатқа тәуелділіктен арылып, экономиканы әртараптандыру, терең өңделген өнім өндіру ерекше назарда. Мемлекет басшысының Жолдауында бұл жұмыстарды жана қарқынмен жалғастыруға, ішкі және сыртқы нарыққа бәсекеге қабілетті, жоғары сапалы өнім шығаруға басымдық беру тапсырылды.

Кейінгі төрт жылда өңдеу өнеркәсібінің үлесі 25,6 пайыздан 33,8 пайызға дейін артты. Биылғы бірінші жартыжылдықтың өзінде өңдеу өнеркәсібінде 215 млрд

тенгеге жуық өнім өндіріліп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 13,8 пайызға өсті. Саладағы тағы бір маңызды мәселе – отандық, соның ішінде жергілікті өнімді қолдау. Жақында өткен «Қазақстанның үздік тауары» көрмесінде жергілікті тауарөндірушілердің өнімдерімен таныстым. Өнімдердің сапасы жоғары, бәсекеге қабілетті, сырттан келетін тауарларды алмастыруға әлеуеті жеткілікті. Сондықтан баршаңызды жергілікті кәсіпорындардың өнімдеріне басымдық беруге шақырамын, – деді аймақ басшысы.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҚОҒАМ БІРЛІГІНІҢ ТІРЕГІ

Облыстық ардагерлер кеңесінің кезекті кеңейтілген алқа отырысы өтті. Күн тәртібінде екі мәселе қаралып, сәйкесінше, қажетті шешімдер қабылданды.



Бірінші мәселе – «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің төрағасы Ә.Құсайыновтың «Даналық формуласы» атты мақаласы мен «Ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар» құжаты жобасын облыстық ардагерлер кеңесінде жүзеге асыру жоспары туралы болды. Бұл бойынша облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Жұмабек Әлиев баяндама жасады.

Баяндаманы талқылау барысында Б.Жақаев атындағы Күрші ғылыми зерттеу институтының директоры, техника ғылымдарының докторы Сұлтанбек Тәуіпбаев, қаржы саласының ардагері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қамбар Әжібеков және белгілі агроном, «Құрмет» орденінің иегері Құрманбек Бәкіров сөз алып, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, ұрпақтар сабақтастығын нығайту, жастар тәрбиесін жетілдіру бағытындағы ой-пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды.

Екінші мәселе – еліміздегі саяси ғылым – Құрылтай депутаттарының сайлауына дайындық және ардагерлер қауымының қоғамдық-саяси үдерістерге қатысуы

туралы болды. Бұған байланысты облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев хабарлама жасап, ел өміріндегі маңызды қоғамдық-саяси бастамаларға аймақ ардагерлерінің белсенді қатысуының маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ жиын барысында құрылыс саласының ардагері Әбдімәжит Әлмеғамбетұлы 70 жас мерейтойына орай ардагерлер қозғалысындағы белсенді қызметі үшін «Қызылорда облысының Құрметті ардагері» медалімен марапатталды. Мерейтой иесіне ұлттық дәстүрге сай шапан жауып, құрмет көрсетілді.

Алқа отырысын қорытындылай келе, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша алқа мүшелері өз пікірлерін білдіріп, қабылданған міндеттерді сапалы әрі нәтижелі жүзеге асыру мақсатында тиісті қаулылар қабылдады. Сонымен қатар, аудандық және қалалық ардагерлер кеңесіне қабылданған құжаттарды кенінен насихаттау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, ұрпақ сабақтастығын нығайту бағытында жүйелі іс-шаралар ұйымдастыру тапсырылды.

«СБ» ақпарат

ІЗДЕНІСТЕН ІРГЕЛІ ІСКЕ

Алғашқы шеберхана үлкен өндіріс орны емес еді. Кәсіпкер уақытша салынған шағын ғимаратта бес-алты адаммен жұмысын бастайды. Алғашқы тапсырыстар орындалып, тұрақты тұтынушылар қалыптасқан сайын кәсіптің де тынысы кеңейе түсті. Жаңа құрал-жабдықтар сатып алынып, өнім түрлері көбейді, жұмысшылар саны артты.

Кәсіптің қанат жаюына мемлекеттік қолдау айтарлықтай серпін берді. Мақсат кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған бағдарламалар аясында «Даму» қоры арқылы бес миллион тенге көлемінде субсидиялық қолдауға ие болды. Кейінгі екі жыл ішінде өндірісті дамытуға бағытталған қаржыландыру көлемі 40 миллион тенгеге жетті. Бұл қаражат жаңа жабдық сатып алуға, өндірістік мүмкіндікті арттыруға және тапсырыс көлемін көбейтуге жұмсалды.

Бүгінде кәсіпорын «Ади Мебель» брендімен жұмыс істейді. Мұнда жиһаздар дайын үлгімен ғана емес, әр тапсырыс берушінің талғамы мен қажеттілігіне қарай жеке жобамен жасалады. Цехта дизайнерлер, жиһаз құрастыратын шеберлер және басқа да мамандар еңбек етеді. Қазір кәсіпорында 20-дан астам адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

– Біз үшін өнім шығару ғана емес, оның сапасы мен тұтынушының көңілінен шығуы маңызды. Сонымен қатар жергілікті тұрғындарға жұмыс орын ашуға тырысып келеміз. Бүгінде жиырмалан астам адам еңбек етеді. Өндіріс көлемін арттырмақ, жұмыс орындарының санын да көбейтетміз. Кәсіптің дамуы өзіне ғана емес, айналада да пайда әкелгенде оның мәні арта түседі, – дейді М.Таев.

Жиһаз өндірісінде сапалы шикізат пен сенімді фурнитуралық айрықша рөл атқарады. Кәсіпорын негізгі материалдардың бір бөлігін Ресейден жеткізеді. Сонымен қатар Германия, Австрия және Италия өндірісінің жиһазға арналған болшектері мен фурнитуралары қолданылады. Заманауи технология мен сапалы материалды үйлестіру кәсіпорынға әртүрлі күрделіліктегі тапсырыстарды орындауға мүмкіндік беріп отыр.

Қызылордада басталған кәсіптің өнімдері қазір өңір шекарасынан асып үлгерген: Шымкент, Алматы және Астана қалаларында да тапсырыстар түседі. Тапсырыс берушілер кәсіпорын кеңсесінде жиһаз үлгілерімен танысып, қажетті материал мен дизайнды таңдап, болшек бұйымның жобасын мамандармен бірге әзірлей алады. Яғни әр өнім тапсырыс берушінің талғамы мен үйінің ерекшелігіне қарай жеке жасалады.

1-бет



– Бастапқы кезде бес-алты адаммен жұмыс істедік. Қазір ұжымымыз толықты. Алдағы мақсатымыз бұдан да үлкен. Жеке өндірістік ғимарат салып, жаңа технологиялар енгізіп, кәсіпорындағы кеңейтіміз келеді. Мүмкіндік болса, 200 адамға дейін тұрақты жұмыс орынн құру жоспарда бар, – дейді кәсіпкер.

Мақсат Таветтың кәсіпкерлік жолы мемлекеттік қолдау дұрыс бағытта пайдаланылғанда оның нақты өндіріс пен тұрақты жұмыс орнына айналатынын көрсетеді. 530 мың теңгелік алғашқы гранттан басталған іс бірнеше жыл ішінде ондаған адам еңбек ететін кәсіпорынға ұласты. Ал оның артында кәсіпкердің ізденісі, тәуекелі мен еңбегі тұр.

Мемлекет ұсынған мүмкіндікті тиімді пайдаланып, өз кәсібін өркендетіп отырған азаматтар өңір экономикасының дамуына үлес қосуда. Бір кездері шағын ғана шеберханадан басталған «Ади Мебельдің» бүгінгі тынысы – қолдау мен табандылық қатар жүргенде шағын бастаманың үлкен өндіріске айнала алатынының айқын мысалы.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

/// БІЛІМ



Уақыттың өз өлшемі бар. Бір сәттің өзі тарихқа айналады, ал жылдар тағдырлармен, табыстармен, ізгі істермен өріліп, тұтас дәуірді қалыптастырады. Ширек ғасыр – тарих үшін тым ұзақ мерзім болмауы мүмкін. Бірақ білім ордасы үшін бұл – мыңдаған жастың өміріне бағыт берген, талай арманның қанат қаққан, сансыз жетістіктің бастауы болған тағылымды кезең.

Биыл халықаралық «ORDA» жоғары колледжі өзінің 25 жылдық мерейтойын атап өтуде. Бұл – бір оқу орнының ғана емес, білімге адалдықтың, ұстаз еңбегінің, жас ұрпаққа деген сенімнің және қоғам алдындағы жауапкершіліктің мерекесі.

ШИРЕК ҒАСЫРЛЫҚ ШЕЖІРЕ

білім мен болашақ тоғысқан білім ордасы

Жиырма бес жыл бұрын білім мен білікті маманға деген сұранысты өтеу мақсатында негізі қаланған оқу орны бүгінде Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім берудің көшбасшы ұйымдарының біріне айналды. Осы уақыт ішінде колледж қабырғасынан 14 мыңнан астам түлек қанат қақты. Олар бүгінде мемлекеттік қызметте, білім беру саласында, құқық қорғау органдарында, өндірісте, ақпараттық технологиялар мен бизнесіте табысты еңбек етіп, өз жетістіктері арқылы туған оқу орнының абыройын асқаттатып келеді.

Колледждің қалыптасу жолы оның негізін қалаушы, мемлекет және қоғам қайраткері, саяси ғылымдар докторы, профессор Мұрат Бақтиярұлының есімімен тығыз байланысты. Оның көрегендігі мен білімге деген адалдығы оқу орнының даму бағытын айқындап берді. Білімнің сапасы мен ұлт болашағына қызмет ету идеясы сол күннен бастап колледждің басты ұстанымына айналды.

Жылдар өткен сайын оқу орны заман талабымен бірге жанарып, жаңа белестерді бағындыра білді. Құқықтанудан басталған білім көшіне педагогика, экономика, құрылыс, инженерия, ақпараттық технологиялар, бағдарламалау, робототехника, жасанды интеллект және цифрлық қауіпсіздік сияқты болашақтың мамандықтары қосылды. Бұл өзгеріс уақыттың талабына ғана емес, ертеңгі күннің сұранысына берілген жауап еді.

Бүгінде колледждің оқу аудиториялары – инновациялық зертханалармен жабдықталған шығармашылық кеңістік. Заманауи технологиялар, тәжірибеге негізделген оқыту жүйесі, қолданбалы білім беру бағдарламалары мен халықаралық стандарттарға сай оқу үдерісі студенттердің кәсіби әлеуетін дамытуға бағытталған.

Алайда колледждің даму тарихындағы ең жарқын беттердің бірі – халықаралық білім кеңістігіне сенімді қадам басуы болды.

Әлемнің жетекші оқу орындарымен орнаған серіктестік жаңа мүмкіндіктердің есігін ашты. Германияның Senior Experten Service (SES) ұйымымен бірлескен жұмыс нәтижесінде Германия мен Швейцариядан келген сарапшылар колледжде дәріс оқып, оқытушылар халықаралық тәжірибеден өтті. Ақпараттық технологиялар саласындағы үздік тәжірибелер оқу үдерісіне енгізіліп, білім беру мазмұны жаңа деңгейге көтерілді.

Қырғыз Республикасының жетекші білім беру ұйымдарымен қалыптасқан ынтымақтастық та нәтижелі болды.

Қырғыз халықаралық универсалды колледжі, ИСИТО колледжі, Жүсіп Балағұн атындағы Қырғыз ұлттық университеті, Қырғыз-Корей колледжі, Қырғыз Комтехно колледжі және Т.Эрматов атындағы музыкалық-педагогикалық институтымен жасалған меморандумдар академиялық ұтқырлықтың жаңа кезеңін бастады. Осы бағдарламалар аясында студенттер халықаралық өндірістік тәжірибеден өтіп, оқытушылар тағылымдамаларға қатысты. Ал шетелдік әріптестер «ORDA» қабырғасында дәріс оқып, тәжірибе алмасты.

2025 жыл халықаралық ынтымақтастықтың жаңа белесіне айналды. Түркияның Сельчук университетімен жасалған келісім кәсіби білім беруді жаңа деңгейге көтерді. Колледж оқытушылары Конья қаласында тағылымдамадан өтіп, тәжірибеге жинақтады. Сонымен қатар Eskişehir OSB Mesleki ve Teknik Anadolu Lisesi оқу орнымен қол қойылған меморандум ғылыми зерттеулерді бірлесіп жүргізуге, оқытушылар мен студенттердің академиялық алмасуына, халықаралық конференциялар ұйымдастыруға және цифрлық білім беру платформаларын дамытуға мүмкіндік берді. Қазіргі таңда түрік мамандары колледжде дәріс оқып, студенттерге түрік тілі мен әдебиетін үйретуде. Ал Сельчук университетінің ғалымдары колледждің «Білім және инновация» ғылыми-педагогикалық журналын халықаралық ғылыми бағытымен деңгейіне көтеруге қолдау көрсетуде.

Оңтүстік Кореямен қалыптасқан серіктестік колледждің халықаралық беделін жаңа сатыға көтерді. KARIS қауымдастығы мен Global Sapa халықаралық академиясымен жасалған ұшжақты келісімнің нәтижесінде қос диплом бағдарламалары, академиялық ұтқырлық, өндірістік тағылымдамалар және

халықаралық жазғы мектептер жүзеге асырылуда. Сонымен бірге Baekseok University және Sejong University университеттерімен жасалған ынтымақтастық студенттерге 1+1, 2+1 және 3+1 білім беру бағдарламалары бойынша Қазақстан мен Кореяда қатар білім алып, екі елдің дипломын иеленуге жол ашты.

Колледждің халықаралық деңгейдегі беделін айқындаған маңызды оқиғаның бірі – Оңтүстік Кореяның ABEEK халықаралық инженерлік аккредиттеу агенттігі арқылы «Ақпараттық қауіпсіздік», «Бағдарламалық қамтамасыз ету» және «Есептеу техникасы және ақпараттық технологиялар» білім беру бағдарламаларының халықаралық аккредиттеуден сәтті өтуі болды. Бұл – оқу орнының білім сапасы әлемдік талаптарға сәйкес келетінінің жарқын дәлелі.

Сондай-ақ білім беру бағдарламаларының сапасы мен инновациялық бағыттағы жетістіктерінің нәтижесінде оқу орны «Ақпараттық қауіпсіздік», «Бағдарламалық қамтамасыз ету», «Есептеу техникасы және ақпараттық технологиялар», «Робототехника және кірістірілген жүйелер», сондай-ақ «Жасанды интеллект» бағыттары бойынша қолданбалы бакалавриат бағдарламаларын жүзеге асыруға лицензия алып, өндірістік жоғары технологиялық кадрлар даярлауда көшбасшылардың біріне айналып отыр. Бұл жетістіктер білім ордасының цифрлық дәуір талаптарына жауап беретін, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудағы стратегиялық ұстанымын айқын көрсетеді.

Оқу орны студенттердің жетістіктерінен де құралған емес. Халықаралық табыстар студенттердің жеңістерімен жалғасын тауып келеді. WorldSkills Kazakhstan, DOSTI Skills Aktau, DOSTI Skills Kokshetau және халықаралық DOSTI Skills чемпионаттарында колледж студенттері электроника, мобильді робототехника, желілік әкімшілендіру және прототиптеу бағыттары бойынша бірнеше мәрте жеңіс тұғырынан көрінді. Олар Қазақстанның ғана емес, колледждің де мерейін үстем етті.

Шығармашылық саласында да «ORDA» жастары өз қолтаңбасын қалыптастыруда. «Тігін өндірісі» мамандығының студенті Жолдасқызы Нұрбақыт халықаралық Turan Fashion Week сән апталығында өз топтамасын ұсынып, жас дизайнер ретінде кәсіби мамандардың жоғары бағасына ие болды.

Халықаралық «ORDA» жоғары колледжі – білімнің ғана емес, жеңістің де ордасы. Оқушылар арасында «Орда – чемпиондар мекені» деген ұран қалыптасқан. Колледж студенттері Азия, Әлем және Қазақстан чемпионаттарында топ жарып, ел мерейін асқаттатып келеді.

Әлем және Азия чемпиондары Әшірбай Досымжан мен Сұлтан Бейбарыс, халықаралық жарыстардың жүлдегері Нұрлыбек Нұрмұхаммед, Қазақстан чемпиондары Орныкбай Нұрасыл, Ержанұлы Диас, Ерсұлтан Асжан, сондай-ақ халықаралық және республикалық додалардың жеңімпаздары Бибіпұр Дербисалиева, Алдан Самат, Болатов Аслан және Әлімова Арайлым – колледждің мақтанышы. Олардың әрбір жеңісі – қажырлы еңбек пен табандылықтың жемісі. Бұл жас спортшылардың жетістігі «ORDA» жоғары колледжінің данқын асқаттатып, болашақ ұрпаққа жігер мен шабыт сыйлайды.

Бүгінде Халықаралық «ORDA» жоғары колледжі – білім беретін мекеме ғана емес, бұл – ғылым мен тәжірибе тоғысқан, ұлттық құндылық пен халықаралық стандарт үндескен, жас ұрпақтың арманын жүзеге асыратын үлкен білім кеңістігі. Мұнда әрбір студент тек мамандық игеріп қоймай, ол жауапкершілікті, көшбасшылықты, ізденісті және өмір бойы білім алудың құндылығын үйренеді.

Ширек ғасырлық тарих – бұл өткен күндердің шежіресі, бұл – мыңдаған түлектің тағдыры, жүзделген ұстаздың адал еңбегі, ата-аналардың сенімі және қоғамның үміті.

Жиырма бес жыл – биік белес. Ал «ORDA» үшін бұл – жаңа ғасырдың бастауы. Өйткені білімнің шекарасы болмайды. Ал білімге қызмет етуді өмірлік мұрат еткен ұжымның алар асуы әрқашан биік.

Гүлжамила ДОСЖАНОВА,
халықаралық «ORDA» жоғары колледжінің директоры,
педагогика ғылымдарының магистрі

/// ТАҒЫМ



«Әке – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ».

Ертең, 14 тамыз – марқұм әкем Кемалбек Сағымбайұлының туған күні. Тірі болса, 80 жылдық мерейтойын тойлаған болар едік. Ама! не?! Әкем туралы қалай ой толғасам жарасар екен ... Ол қандай тұлға?



Әрине, тұлға көпшілік сүйсініп айтатындай қасиеттерге ие болуы керек. Ол барлық ой-санасының жоғарылығымен, қалпы-қасиетінің биіктігімен, ақыл-парасатының тереңдігімен ерекшеленеді. Мен үшін сондай жан – әкем. Бұған біріңіз келіспесіз, біріңіз келіспесіз...

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дейді халық даналығы. Қыз бала болғаныммен әкеме қарап еліктеп, жасық қасиеттерін бойыма сіңіруге тырыстым. Ал оның мен еліктейтіндей қандай қасиеттері бар еді? Ол, ең бірінші – шыншылдығы, ала жіпті аттамайтындығы, сырт көзге тәкаппар мінезі бола тұра, қарапайымдылығы, екінші – еңбекқорлығы, өз жұмысына адалдығы, үшінші – балаларында да бойына осы қасиеттерді еге білгендігі.

Анам Шәрипа Темірханқызы екеуі бастарына түскен қаншама ауыртыпалыққа мойынсұнып, қиындықтарға кіріптар болып қалған жоқ. Қайта солардың бәріне төзіп, айналасындағыларға да шарапат шуағын шашып келді. Алайда, бүгінде екеуінің де орындары ойсырап тұр.

Балдай тәтті бал кезеңдерді есіме алсам, әкемнің бізге шық жуытпай, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыңа өрге басуы үшін қажет болды. Мықтылығы да, артықшылығы да осында. Кемалбекті халқына танытқан, көпшілік құрметіне бөлеген – аянбай еткен еңбегі, жансөбірлігі дер едім. Адамның қасиеттері туралы сөз қозғар болсам, ол қашан көрсен де, бір қалпынан танбайды. Адамдармен қарым-қатынасында барынша сыйпайы, биязы, жоғары мәдениетті жан. Көңіл ауанына берілу, біреуге артық сөйлеу, мақтану, күлсіну дегеннен әсте аулақ. Ғайбақ сөйлеу, біреуді сыртынан әңгіме қылу сияқты мінез оған жата. Адамгершілікті биік тұр етіп ұстаған абзал азамат ешкімнің бетіне жел болып тимеді, үлкенге ізетті іні, кішіге қамқоршы аға атанды.

Осындай қасиеттері үшін сыйлаймын. Кейінгі ұрпақтың Кемалбек сияқты безқаттығы басым, өнегелі азамат болып өсуін қалаймын.

Әскербек Рахымбекұлы, ақын: – Алматы Жоғары партия мектебінің тыңдаушысымыз: Кемалбек төрт жылдығында, мен екі жылдығында. Мұндағы дәрісті бізден екі жыл бұрын бастаған ол алғашқы кезеңде жолбасшылық жасағандай: сөзі салмақты, ойы орнықты. Жүріс-тұрысы, табиғаты мынадай маңғаз ортаның ауа райына орайласқандай. Ара-арасында жерлерестер бір-бірімізді туған күнмен құттықтап, бас қосып тұ-

деген екен... Көңілі баладай, тірлігі данадай болған әкем менің! Әкемді жасық білетін азаматтар «Тіл шебері, алдына барған құжат жұмырланып, өңделіп, кескін-келбеті ажарланып шыға келеді. Көркем ой көріктенге түседі. Оның қаламынан туған дүниелерді киноы қабысып, зергердің қолынан шыққан алтын бұйым деуге болады» деп әлі күнге дейін тамсана айтады.

Әкем Кемалбек Сағымбайұлы «Сыр өңірі тарихы» кітабы авторларының бірі. «Түркі дүниесінің кеменгер ойшылы», «Ұлттық келісім – саяси тұрақтылық негізі», «Қазақстандағы этносаралық қа-

тынастар: проблемалары және тарихи тәжірибе», «Стратегия мақсаты – саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісім», облыс ақын жазушыларының шығармаларынан жинақталған «Жүректегі жауһарлар», ардагерлердің өсиет сөздерінен құралған «Қарттарым – асыл қазынам» кітаптарын шығарды. «Тәуелсіздік толғауы», «Өнегелі өмір, өшпейтін рух», «Ізгілік ізі» кітаптарының авторы. Қайтыс болғаннан кейін 2011 жылы «Тағылым» атты кітабы жарық көрді. Облыстағы көптеген ақын-жазушылар еңбектерінің жарық көруіне септігін тигізді.

Мемлекеттік қызметте қанша жыл істесе де абыройлы еңбек ете білген, артынан бірде-бір жаман сөз ердірмеген азамат. Атақ-дәреженің соңынан жүгіріп, данқ қумаған тұлға еді. 2010 жылдың 21 маусымында дүниеден өтті.

Әкем туралы замандастарының жазғанымен бөлісуді жөн көрдім. Бұл азаматтар да бүгінде арамдыда жоқ. Бірақ, артында ізгілік іздері, өнегелі істері қалды.

Әлембет Әлішев, жазушы:

– Кемалбек ешкімнің қолдауынсыз, ешкімнің көмегінсіз өзінің маңдай тер, табан етімен, жан-кешті бейнетімен, іскерлігімен абыройға жетті. Қай жерде де жұмысқа өрге басуы үшін қажет болды. Мықтылығы да, артықшылығы да осында. Кемалбекті халқына танытқан, көпшілік құрметіне бөлеген – аянбай еткен еңбегі, жансөбірлігі дер едім. Адамның қасиеттері туралы сөз қозғар болсам, ол қашан көрсен де, бір қалпынан танбайды. Адамдармен қарым-қатынасында барынша сыйпайы, биязы, жоғары мәдениетті жан. Көңіл ауанына берілу, біреуге артық сөйлеу, мақтану, күлсіну дегеннен әсте аулақ. Ғайбақ сөйлеу, біреуді сыртынан әңгіме қылу сияқты мінез оған жата. Адамгершілікті биік тұр етіп ұстаған абзал азамат ешкімнің бетіне жел болып тимеді, үлкенге ізетті іні, кішіге қамқоршы аға атанды.

Осындай қасиеттері үшін сыйлаймын. Кейінгі ұрпақтың Кемалбек сияқты безқаттығы басым, өнегелі азамат болып өсуін қалаймын.

Әскербек Рахымбекұлы, ақын:

– Алматы Жоғары партия мектебінің тыңдаушысымыз: Кемалбек төрт жылдығында, мен екі жылдығында. Мұндағы дәрісті бізден екі жыл бұрын бастаған ол алғашқы кезеңде жолбасшылық жасағандай: сөзі салмақты, ойы орнықты. Жүріс-тұрысы, табиғаты мынадай маңғаз ортаның ауа райына орайласқандай. Ара-арасында жерлерестер бір-бірімізді туған күнмен құттықтап, бас қосып тұ-

рамыз. Сондай-сондайда жасы кіші болса да, Кемалбек бізден озғындап отырады, көрген-білгенін, өмірден түйгенін мұндағы алған біліммен ұштастырып та жібереді. Сонымен сыйлы, беделді болды. Алдымыздағы ақылманымыз секілді, айтқанын екі етпейміз. Бірле, ерте көктемде: – Алдағы жексенбіде тауға барып, серуендеп, дем алып қайтамыз, – деді. «Ол ненің құрметіне?» деймін ғой баяғы. 22 Наурыз – Шығыс күнтізбесі бойынша жыл басы, соны тауға барып атап өтуді үрдіске айналдырып жүрміз, – дейді Кемалбек жүзі нұрланып, жадырай күліп: – Баруға дайындалыңыз. Ол заманда Наурыз мерекесі тойланбақ түгілі, ауызға да алынбайтын. Ол ескіліктің қалдығы секілдендірілетін, тіпті оны діни дәстүрге апарып қосып қоятындыра да табылатын. Кеңестік солақай саясат сондай сипат берген соң, коммунистер, оның мектебінде оқытандар үрке қарайтын. Осындай жағдай, осындай ортада жүріп Кемалбектің Наурызды тауда тойлайық дегені маған ерлік тәрізді, әрі іштей дән риза болған едім.

Абылай Айдосов, профессор:

– Сағымбайұлы Кемалбекті алғашқы рет 1967 жылы Қазылы ауданындағы үлкен мекеме – аудандық автобазда жоғары разрядты автослесарь болып жүргенде кездестірдім. Ол бастауыш комсомол ұйымын басқарды екен. Әсіресе, автокөлік жүргізуші жастарды комсомол қатарына тарту, олардың кешкі мектептегі оқуына жағдай жасау, қоғамдық жұмысқа қатыстыру, спорт секцияларын ұйымдастыру арқылы автобазда ұжымдарда беделінің жоғары екені байқалды. Аудандық комсомол комитетінің ұсынысымен Кемалбек Сағымбайұлы облыстық комсомол конференциясында пленум мүшесі болып сайланды. Ол өзінің кәсіптік мамандығымен қатар қоғамдық жұмысты жалғастыра білді, әсіресе, жастардың әлеуметтік-мәдени өміріне арналған фотосуреттері, материалдары аудандық және облыстық газеттерде жарияланып тұрды. Біз облыс өміріндегі маңызды шараларды Кемалбекпен бірлесіп жүзеге асырдық...

Ағалар айтқан менің әкем осындай тұлға еді.

Өр күнін әр адымым деп бағалап, адыммен анықтап басқан, мемлекеттік қызметте арына кір шалдырмаған асыл әкем, рухыңызбен бізді жебей жүрі!

Айгүл САҒЫМБАЙ,
ҚР Мәдениет қайраткері



Этна әуе қатынасын тоқтатты

Еуропадағы ең белсенді жанартаулардың бірі – Этна тағы да оянып, мыңдаған туристің жоспарын өзгертті.

Reuters агенттігінің хабарлауынша, Сицилиядағы жанартаудан көтерілген құл шамамен 220 шақырым жердегі Мальтаға дейін жеткен. Соның салдарынан 11 тамызда Мальта әуесжайында кемінде 19 рейс тоқтатылып, көптеген ұшақ кешіккен.

Сицилиядағы Катания әуесжайы да жанартау белсенділігіне байланысты әуе кемелерін қабылдау мен ұшыруды уақытша тоқтатты.

Орбан дәуірінің қарсыласы президент болды

Венгрия парламенті елдің жаңа президенті етіп Андразш Баканы сайлады. Еuronews агенттігінің хабарлауынша, Баканың кандидатурасын премьер-министр Петер Мадьярдың биліктегі «Тиса» партиясы қолдады. Ал бұрынғы премьер Виктор Орбанның «Фидес» партиясы дауыс беруге қатысқан жоқ.

Баканың тұлғасы ерекше назар аудартып отыр. Ол кезінде Венгрия Жоғарғы сотын басқарған және Орбан билігімен ашық тектесіре түскен. Жаңа президент ант қабылдағаннан кейін елді кек алу арқылы емес, әділет пен ұстамдылық арқылы жаңарту қажеттігін мәлімдеді.

Жойқын зілзала

Колумбияда 10 тамызда болған 7,4 балдық жер сілкінісі кейінгі жүзжылдықтағы елдегі ең ауыр табиғи апаттардың біріне айналды.

Мұхиттар рекордтық деңгейде жылынды

2026 жылдың шілдесі әлемдік бақылау тарихындағы ең ыстық шілде айларының қатарынан орын алды. Ал мұхиттардың полярлық аймақтардан тыс бөлігіндегі беткі су температурасы шілде айы үшін бұрын-соңды тіркелмеген ең жоғары деңгейге жеткен, деп хабарлайды Copernicus.

Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым 11 тамызда жариялаған мәліметте шілдедегі жаһандық орташа ауа температурасы индустрияға дейінгі кезеңдегі көрсеткіштен 1,47 градус жоғары болғанын хабарлады. Батыс Еуропада маусым-шілде аралығы бақылау тарихындағы ең ыстық кезеңге айналды. Тамызда да аптап басылмай, бірақтар елде 35 градустан жоғары температура сақталып отыр.

Бір тәулікте 130 кемедең алтауы қалған

Әлемдік мұнай тасымалы үшін аса маңызды Ормуз бұғазындағы кеме қозғалысы күрт сиреді. Reuters агенттігінің 11 тамыздағы мәліметінше, бір күн ішінде бұғаз арқылы небәрі алты кеме өткен. Соғысқа дейін бұл бағытпен тәулігіне орта есеппен 130-140 кеме қатынайтын.

АҚШ пен Иран арасындағы келіссөздердің түйіске тірелуі және кемелерге жасалған шабуылдар теңіз тасымалына қысымды күшейтіп отыр. 12 тамызда Brent маркалы мұнай бағасы да қайта көтерілді.

Дайындаған
Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»



/// 12 ТАМЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСТАР КҮНІ

ӨНЕР КӨГІНДЕГІ жастар театры

Қай елдің мәдениеті мықты дамыса, ол елдің өңсесі де биік, рухы да жоғары болады. Мәдениеттің өзекті бөлігі – театр. Шынында да театр мәдениеттің алтын қазынасы, адамның ұлылығын білдіретін ғажай көріністердің бірі.

Театр – бар өнердің тоғысқан жері. Онда шығармашылық образдардың шынайы бет-бейнесі бар. Сезім бар, сезіну бар. Бір сөзбен айтқанда, көрермен көңілін күпті өткен өмірлік сұрақтарға шешім табатын жоғарғы интенция.

2024 жылдың басында сол кездегі облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен Қызылорда қалалық «Жастар театры» ресми түрде өз жұмысын бастады. «Қызылорда Темір-жолшылар клубы» ғимаратына орналасып, дербес шығармашылық ұжым қалыптасты. Бүгінде театр ұжымында елуден аса қызметкер өз жұмысын талап деңгейіне сай атқарып келеді.

Театрдың ресми құрылғанына биыл 2 жыл толып отыр. Алайда айта кетейік, театр труппасы 2016 жылдан бастап қалалық мәдениет бөлімінің жанында үйірме ретінде жұмыс жасады. Міне сол уақыттан бері осы үйірмеге режиссер, сценарист О.Нұрмаханов жетекшілік жасап келеді. Талантты жастарды тауып, оларды түрлі мерекелік іс-шаралардағы сахналық қойылымдарға тартатырып, өнерге баулып, қабілетін шыңдауға көңіл бөлді.

Шағын ұжымның үздіксіз ізденісі, талпынысы мен талғам деңгейі өзіндік нәтижесін көрсетті. Айталық, актерлердің шығармашылығы шыңдалып, театр репертуары жаңа деңгейге көтерілгені байқауға болады.

«Жастар театры» 2024-2026 жылдар аралығында көрермен назарына бірнеше премьералар ұсынды. Жазушы Т.Әбдіктің әңгімесінің желісінмен жас драматург Н.Баймахановтың инсценировкасы бойынша сахналанды «Он кол» психологиялық драмасы өте әсерлі қойылымның бірі болды. 2025 жылы халықаралық театр күні мерекесі аясында «Жастар театрының» актері, жас драматург Н.Баймахановтың «Сөзімді қайтсейін...» атты музыкалық-лирикалық қойылымының премьерасы Б.Ахмедтің режиссерлігімен сахналанды. Музыкалық және поэзиялық диалогтар үйлесімін тапқан, махаббатқа толы қойылым жастар

арасында үлкен сұранысқа ие болып, аймақ көлеміндегі бірнеше гастрольдік сапарларда көрермен назарына ұсынылды.

Ақпарат көздерінен белгілі, тұңғыш қазақ театры 1926 жылы Сыр топырағында М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасымен ашылған. Ал араға бір ғасырға жуық уақыт салып, «Жастар театры» «Еңлік-Кебек» трагедиясын жаңа форматта жаңғыртып, кезекті премьера ретінде көрерменге ұсынды. Қойылымға белгілі театр және кино актерлері Ұлан Болатбек және Шаған Үмбеталиев арнайы шақыртумен келіп, режиссерлік жасады.

Өткен жылдың қыркүйек айында театр ұжымы ақын, жазушы Тольбай Абылаев пен режиссер, сценарист Онталап Нұрмаханов екеуі «Неге, жаным, шығарып сала алмадың?» лирикалық драмамен жаңа маусымды ашқан еді. «Құрыш қазақ» атанған жерлесіміз ақын, жазушы З.Шүкүровтің өмірі мен шығармашылығына арналған спектакль, тагдырлы ақынның бойындағы таланттымен бірге өмірге деген шексіз құштарлық, қайсарлық пен табандылық, сонымен қатар, өшпес сезім – махаббатты сипаттау арқылы адам баласын жан тазылайтын жетелейтін қойылым мазмұнының тереңдігімен ерекше болды.

«Жастар театрының» жыл көлемінде сахналаған америкалық жазушы К.Людвигтің «Бикештер» музыкалық комедиясы, өзбек драматургі Еркін Күншуақовтың «Қызыл алма» комедиясының премьерасы, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесіне орай театр ұжымы Бауыржанқызы Жансаяның «Қайдасың, мама?!» монодрамасы, кішкентай көрермендер назарына режиссер-сценарист Ұлан Болатбектің «Туған күн» музыкалық балалар қойылымы, режиссері Берік



Ахмедтің «Қошқар мен теке» жаңажылдық қойылымы және Антуан Галланьның «Аладдин» ертегісінің премьерасы көпшіліктің сұранысына ие болып, аймақтағы бірнеше балабақшаларда және театр сахнасында үздіксіз сахналанып келеді.

«Ұлт тарихын тану – болашаққа бағдар» деп қарасақ, алаштанушы ғалым Елдос Токтарбайдың «Жас Алаш. Шындық шырағы» тарихи драмасы театрдың сүйекті, көрерменнің сүйікті қойылымына айналды. Алаш арыстарының ұлтқа қызмет жолындағы ұлы мұрат, асқақ арманын суреттейтін тағылымды мол туынды Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына және Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына арналды. Қойылымның режиссері Ұлан Болатбек.

Театр ұжымы, әсіресе, енді қалыптасып келе жатқан «Жастар театры» үшін тәжірибе алаңы қажет. Қазір бұл бағыттағы жұмыстар да жоғла қойылған. Арнайы тоқталсақ, «Театр – өмір тынысы» тақырыбында Қызылорда қаласының «Жастар театры» және «Атырау Жастар театры» ұжымы арасында шығармашылық кездесу өтті.



Шындық шырағы» қойылымын сахналап, театр актрисасы Жанерке Серік «Үміт» жүлдесін жеңіп алды.

Тағы бір айта кетерлік жаңалық, 2024 жылы «Руханият жылы» аясында аймақ басшысының қолдауымен театр баласына екі қызметтік пәтер берілген болатын. Биыл мекеме меншігіне тағы бір үш бөлмелі пәтердің кілті табысталып, өнер өкілдері үшін ерекше қолдау болды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша қала мәдениеті мен руханиятына қосқан үлесі үшін театр артисі Мұхамедхан Әлиханов «Үздік шығармашыл жас» номинациясымен марапатталса, талантты актриса Тоған Аяпова қала әкімінің «Самғау» жастар сыйлығының жеңімпазы атанды.

Атқарылған ауқымды жұмыстар мен тынымсыз еңбектің нәтижесінде «Жастар театры» 2025 жылдың «Үздік ұжым» номинациясын жеңіп алды.

Биыл жыл басында қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнесі» атты трагедиялық қала қойылымы көрермен назарына ұсынылды. Қойылым режиссері Б.Ахмед, театрдың көркемдік жетекшісі – ҚР Жазушылар одағының мүшесі Онталап Нұрмаханов.

27 наурыз – Халықаралық театр күні мерекесіне орай Қызылорда

қалалық «Жастар театрының» біршама актерлері марапатқа ие болды. Серіков Мақсат Берікұлы «Облыстық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағының» «Еңбек данық» төсбелгісімен, Хүсейін Әмір-Темір Жүсіпұлы атындағы «Үздік режиссер» номинациясымен және сыйақымен «Жастар театрының» режиссері Берік Ахмед Мейірбекұлы, Қазақстан театр қайраткерлері одағының «Дара» төсбелгісімен «Жастар театрының» актрисасы Әбдірахман Айна Қайратқызы марапатталды. Мұны біздің жас актерлеріміздің еңбектері бағаланып, өз көрермендерінің жоғары бағасын алып, халық қосметіне бөленгені деп есептейміз.

Жас театрдың шығармашылық жетістіктері мен жоспарлы жұмысы қалалық және облыстық баспасөз беттерінде, жергілікті телеарналарда кеңінен насихатталуда. Сонымен қатар, өнер ұжымы облыстық прокуратурамен бірлесіп «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында бірнеше тақырыптық бейнероликтер жариялап, қоғамдық бастамаға үлес қосты.

Театр алуан өнердің ордасы екенін сөз басында айтып өттік. Олай болса, алуан өнерді бір арнада тоғыстырып, өмірлік құндылықтарды доріптеуге аталысып келе жатқан аймақтағы «Жастар театрының» да алар асуы биік екені сөзсіз.

Төремұрат ӘЛЖАН,
қалалық «Жастар театрының»
әдебиет бөлімінің меңгерушісі

Хабарландыру

17.09.2026 ж. сағат 11:00-де Қызылорда облысы Жанакорған ауданындағы Қосүйеңкі ауылында, Сәрсен Сариев көшесі, 31 мекенжайындағы әкімдік ғимаратында «L-42-123-(106-5b-18) (шінара), L-42-123-(106-5b-23) (шінара), L-42-123-(106-5b-24) (шінара), L-42-123-(10d-5a-3)» әсеріне экологиялық рұқсат алу үшін материалдар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жобаның тапсырыс берушісі - «КАПЛАСТ» ЖШС, БСН 170840008215. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Алматы ауданы, Оңтүстік-Шығыс тұрғын алабы (сол жағалау), Ғабиден Мұстафин көшесі, 46-үй, №303 кенсе.

Жобаны әзірлеуші - «Noosphere ecology system» ЖШС, БСН 230940027185, тел.: +7-777-241-16-40.

Әсер ету аумағы - Қызылорда облысы, Шиелі ауданы.

Жер қойнауы уақысқисің бұрыштық нүктелерінің географиялық координаттары:

	Солтүстік ендік	Шығыс бойлық
1	44° 32' 00"	67° 12' 00"
2	44° 32' 00"	67° 13' 00"
3	44° 31' 00"	67° 13' 00"
4	44° 31' 00"	67° 14' 00"
5	44° 30' 00"	67° 14' 00"
6	44° 30' 00"	67° 13' 00"
7	44° 29' 00"	67° 13' 00"
8	44° 29' 00"	67° 12' 00"

Әсер ету аумағы пайдалы қазбаларды барлау үшін белгіленген аумақпен шектеледі (әсер ету аумағының координаттары лицензияланған аумақтың координаттарымен сәйкес келеді).

Жоба материалдарымен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында танысуға болады (<https://ndbecology.gov.kz>) және «Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады (<https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat>).

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Астана қ., Ж. Омаров к-сі 10, 1 кенсе, e-mail: lpnes24@gmail.com, +7-705-403-93-38.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық мекенжай бойынша - a.koszhanova@vmail.kz және НҚДБ ҚОҚ және КР сайтында (<https://ndbecology.gov.kz>) қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі.

Интернеттегі байланыс сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/6834666500?pwd=akMhlyOVUwVWYkHtg255bVmpwix17H.1>

Конференция идентификаторы: 683 466 6500

Кіру коды: 61PK3E

Объявление

17.09.2026 г. в 11:00 в селе Косуйенки Жанакорганский район Кызылординской области по адресу: ул. Сәрсен Сариев, 31, здание акимата, проводится общественные слушания в форме открытого собрания по материалам для получения экологического разрешения на воздействие к «Плану разведки твердых полезных ископаемых на площади: 4 (четыре) блока - L-42-123-(106-5b-18) (частично), L-42-123-(106-5b-23) (частично), L-42-123-(106-5b-24) (частично), L-42-123-(10d-5a-3)».

Заказчик проекта - ТОО «КАПЛАСТ», БИН 170840008215. Адрес: РК, г.Астана, район Алматы, жилой массив юго-восток (левая сторона), ул. Габиден Мустафина, д. 46, офис№303

Разработчик проекта - ТОО «Noosphere ecology system», БИН 230940027185, тел.: +7-777-241-16-40.

Территория воздействия - Шиелинский район Кызылординская область.

Географические координаты угловых точек участка недр:

№№ угловых точек		северная широта	восточная долгота
1		44° 32' 00"	67° 12' 00"
2		44° 32' 00"	67° 13' 00"
3		44° 31' 00"	67° 13' 00"
4		44° 31' 00"	67° 14' 00"
5		44° 30' 00"	67° 14' 00"
6		44° 30' 00"	67° 13' 00"
7		44° 29' 00"	67° 13' 00"
8		44° 29' 00"	67° 12' 00"

Территория воздействия ограничена территорией, определенной под разведку полезных ископаемых (координаты территории воздействия совпадают с координатами лицензионной территории).

С материалами проекта можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (<https://ndbecology.gov.kz>) и сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области» в разделе «Общественные слушания» (<https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat>).

Дополнительную информацию можно получить по адресу: г. Астана, ул. Ж. Омарава 10, офис 1, e-mail: lpnes24@gmail.com, +7-705-403-93-38.

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний по электронному адресу - a.koszhanova@vmail.kz и на сайте НБД СОС и ПР (<https://ndbecology.gov.kz>).

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Ссылка на онлайн подключение: <https://us06web.zoom.us/j/6834666500?pwd=akMhlyOVUwVWYkHtg255bVmpwix17H.1>

Идентификатор конференции: 683 466 6500

Код доступа: 61PK3E

Хабарландыру

18.09.2026 ж. сағат 11:00-де Қызылорда облысы Жанакорған ауданының Сунаката ауылында, Сығанақ көшесі, 12 мекенжайындағы әкімдік ғимаратында «5 блок аумағында қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына: L-42-135-(10a-5b-20) (шінара), L-42-135-(106-5a-16) (шінара), L-42-135-(106-5a-21) (шінара), L-42-135-(106-5a-22) (шінара), L-42-135-(106-5a-23) (шінара)» әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алу материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс түрінде өткізіледі.

Жобаның тапсырыс берушісі - «DABAT ORDA group» ЖШС, БСН 241040027449, 160000, Шымкент қаласы, Абай ауданы, Катын көпірі шағын ауданы, 33-үй.

Жобаны әзірлеуші - «Noosphere ecology system» ЖШС, БСН 230940027185, тел.: +7-777-241-16-40.

Әсер ету аумағы - Қызылорда облысы, Жанакорған ауданы.

Жер қойнауы уақысқисің бұрыштық нүктелерінің географиялық координаттары:

атауы	нүктелердің №	Солтүстік ендік	Шығыс бойлық
Жер қойнауы участкесі	1	44°17'00"	67°09'00"
	2	44°17'00"	67°11'00"
	3	44°16'00"	67°11'00"
	4	44°16'00"	67°13'00"
	5	44°15'00"	67°13'00"
	6	44°15'00"	67°10'00"
	7	44°16'00"	67°10'00"
	8	44°16'00"	67°09'00"

Әсер ету аумағы пайдалы қазбаларды барлау үшін белгіленген аумақпен шектеледі (әсер ету аумағының координаттары лицензияланған аумақтың координаттарымен сәйкес келеді).

Жоба материалдарымен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында танысуға болады (<https://ndbecology.gov.kz>) және «Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады (<https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat>).

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Астана қ., Ж. Омаров к-сі 10, 1 кенсе, e-mail: lpnes23@gmail.com, +7 747 178 90 92.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық мекенжай бойынша - a.koszhanova@vmail.kz және НҚДБ ҚОҚ және КР сайтында (<https://ndbecology.gov.kz>) қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі.

Интернеттегі байланыс сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/6834666500?pwd=akMhlyOVUwVWYkHtg255bVmpwix17H.1>

Конференция идентификаторы: 683 466 6500

Кіру коды: 61PK3E

Объявление

18.09.2026г. в 11:00 в селе Сунаката Жанакорганского района Кызылординской области по адресу: улица Сыганак, 12, здание акимата, проводится общественные слушания в форме открытого собрания по материалам для получения экологического разрешения на воздействие к «Плану разведки твердых полезных ископаемых на площади 5 блоков: L-42-135-(10a-5b-20) (частично), L-42-135-(106-5a-16) (частично), L-42-135-(106-5a-21) (частично), L-42-135-(106-5a-22) (частично), L-42-135-(106-5a-23) (частично)».

Заказчик проекта - ТОО «DABAT ORDA group», БИН 241040027449, 160000, Шымкент, Абайский район, микрорайон Катын копр, д. 33.

Разработчик проекта - ТОО «Noosphere ecology system», БИН 230940027185, тел. +7-777-241-16-40.

Территория воздействия - Кызылординская область, Жанакорганский район.

Географические координаты угловых точек участка недр:

площади	угловых точек	Северная широта	Восточная долгота
Участок недр	1	44°17'00"	67°09'00"
	2	44°17'00"	67°11'00"
	3	44°16'00"	67°11'00"
	4	44°16'00"	67°13'00"
	5	44°15'00"	67°13'00"
	6	44°15'00"	67°10'00"
	7	44°16'00"	67°10'00"
	8	44°16'00"	67°09'00"

Территория воздействия ограничена территорией, определенной под разведку полезных ископаемых (координаты территории воздействия совпадают с координатами лицензионной территории).

С материалами проекта можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (<https://ndbecology.gov.kz>) и сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области» в разделе «Общественные слушания» (<https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat>).

Дополнительную информацию можно получить по адресу: г. Астана, ул. Ж. Омарава 10, офис 1, e-mail: lpnes23@gmail.com, +7 747 178 90 92.

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний по электронному адресу - a.koszhanova@vmail.kz и на сайте НБД СОС и ПР (<https://ndbecology.gov.kz>).

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Ссылка на онлайн подключение: <https://us06web.zoom.us/j/6834666500?pwd=akMhlyOVUwVWYkHtg255bVmpwix17H.1>

Идентификатор конференции: 683 466 6500

Код доступа: 61PK3E

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР БҮЙІ
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
МАРАТ АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
ҚУАТ ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талап